

2010 жылғы 1 қатардан бастап Зейнетакы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетакы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіментінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 2186 Қаулысы
«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан
Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан
Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетакы төлемдерінің барлық алушыларына, оның ішінде қызмет өткерген жылдары үшін зейнетакы төлемдерін алушы әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет қорғандарының арнайы атақтар берілген және ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп қолданылатын қызметкерлеріне Зейнетакы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін, 2010 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған зейнетакы төлемдерін еңбек сіңірген жылдары үшін алатын зейнетакы төлемдері мөлшерінің жиырма бес пайызына арттыру жүргізілсін.
 2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШЖҚ РМК